

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысының аумағында орналасқан курорттық-рекреациялық шаруашылық объектілеріне Қазақстан Республикасының меншік құқықтарын реттеу туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 627 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысының аумағында орналасқан курорттық-рекреациялық шаруашылық объектілеріне Қазақстан Республикасының меншік құқықтарын реттеу туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Наталья Артемовна Коржоваға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысының аумағында орналасқан курорттық-рекреациялық шаруашылық объектілеріне Қазақстан Республикасының меншік құқықтарын реттеу туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысының аумағында орналасқан курорттық-рекреациялық шаруашылық объектілеріне Қазақстан Республикасының меншік құқықтарын реттеу туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі 1992 жылғы 9 қазандағы Құқықтарды өзара тану және меншік қатынастарын реттеу туралы келісімге және 2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлік объектілеріне Қазақстан Республикасының меншік құқықтарын тану туралы хаттамаға сәйкес төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

# 1 . Қ ы р ғ ы з Т а р а б ы :

1) осы Келісімге қол қойылған сәттен бастап 5 айдың ішінде оның күшіне ену үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүргізуге міндеттенеді;

2) осы Келісім күшіне енген күннен бастап бір айдан кешіктірмей Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысының аумағында орналасқан ғимараттар мен құрылыстарға Қазақстан Республикасының меншік құқығын ресімдейді, атап айтқанда:

"Олимп" спорт-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының спорт-сауықтыру базасы (бұрынғы "Автомобилист Казахстана" демалыс үйі (Қорымды а у ы л ы ) ;

"Самал" демалыс үйі (Бөстері кенті);

"Қазақстан" санаторийі (Шолпан-Ата қаласы);

"Университет" спорт-сауықтыру лагері (Бөстері кенті).

2. Қазақстан Тарабы осы Келісімнің 1-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген объектілерге өзінің меншік құқықтарын ресімдегеннен кейін мынадай:

мүмкіндігінше жыл бойы жұмыс істейтін 3 немесе 4 жұлдызды қонақ үйлері д е ण ғ е й і н е :

"Қазақстан" санаторийін - 2 жылдың ішінде,

"Олимп" спорт-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының спорт-сауықтыру базасын (бұрынғы "Автомобилист Казахстана" демалыс үйі), "Самал" демалыс үйін, "Университет" спорт-сауықтыру лагерін - 4 жылдың ішінде жеткізу;

жоғарыда көрсетілген объектілерді салу және пайдалану кезінде жұмыс күшінің кемінде 80 пайызын Қырғыз Республикасының азаматтары қатарынан тарту жөніндегі шараларды қабылдайды.

## 2-бап

Осы Келісімге Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## 3-бап

Осы Келісім Тараптардың қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2006 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей . Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі үшін

